ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 04 тамыз №5265-25-00-2/2126 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Д.М.Конысбаеваның төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Шымкент қаласы бойынша департаменті» РММ

ЖАУАПКЕР:
дара кәсіпкер Маханова Улжалгас Ниматуллаевна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2. тұрақсыздық айыппұлын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Шымкент қаласы бойынша департаменті» РММ-нің талап қоюы –қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер Маханова Улжалгас Ниматуллаевна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер Маханова Улжалгас Ниматуллаевнадан мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж салығы 1970 (бір мың тоғыз жүз жетпіс) теңге 24 (жиырма төрт) тиын өндірілсін.

Дара кәсіпкер Маханова Улжалгас Ниматуллаевнадан «Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Шымкент қаласы бойынша департаменті»

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 04.08.2025
Заңды күшіне енген күні: 16.09.2025, судья Конысбаева Д. М., 16.09.2025
5265-25-3-1/2219

РММ-нің пайдасына тұрақсыздық айыппұлы 141 (жүз қырық бір) теңге 41 (қырық бір) тиын өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы келтіруі мүмкін.

Судья **Д.М.Конысбаева**

Департамент Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан по городу Шымкенту

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 04.08.2025

Заңды күшіне енген күні: 16.09.2025, судья Конысбаева Д. М., 16.09.2025